

"Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустря және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрінің м.а. 2024 жылғы 9 қыркүйектегі № 320 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 12 қыркүйекте № 35046 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустря және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18883 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігінің Құрылым және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылым
министрінің міндеттін атқарушы

A. Бейспеков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылым
министрінің міндеттін
атқарушысының
2024 жылғы 9 қыркүйектегі
№ 320 Бұйрыққа
қосымша

Қазақстан Республикасы
Индустрія және
инфрақұрылымдық даму
министрінің
2019 жылғы 20 маусымдағы
№ 417 бұйрығымен
бекітілген

Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңы (бұдан әрі – Зан) 10-2-бабының 10-14) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және тұрғын үй сертификаттарын беру мен "Тұрғын үй сертификаттарын беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама (бұдан әрі – ипотекалық бағдарлама), Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тұрғын үй құрылышы мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – тұрғын үй құрылышы бағдарламасы), Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша іске қосылған тұрғын үй бағдарламасы (бұдан әрі – "Наурыз" тұрғын үй бағдарламасы) шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарыздарын пайдалана отырып, азаматтардың тұрғын үйді меншігіне алу құқығын іске асыру үшін облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары әлеуметтік көмек немесе бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау ретінде тұрғын үй сертификаттарын ұсынады.

3. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ипотекалық тұрғын үй қарызы – сатып алынатын жылжымайтын тұрғын үй мүлкі ипотекасымен қамтамасыз етілген тұрғын үйді сатып алу мақсатында берілетін тұрғын үй құрылышы жинақтары жүйесінің ипотекалық қарызы, алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздары;

2) тұрғын үй сертификаты – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тұрғын үй құрылышы мемлекеттік бағдарламасы, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша іске қосылған "Наурыз" тұрғын үй бағдарламасы шеңберінде тұрғын үйді сатып алу кезінде ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін Қазақстан Республикасының азаматтарына берілетін жергілікті атқарушы органның ақшалай міндеттемесінің нысаны;

3) уәкілдегі орган – тұрғын үй қатынастары саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) көрсетілетін қызметті беруші – әкіммен анықталатын жұмыспен қамту және әлеуметтік қамтамасыз ету, құрылым, тұрғын үй қатынастары саласына жетекшілік ететін (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшелері.

5) ақпараттық жүйенің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – ақпараттық жүйеге қол жеткізуі ұсынатын Интернет желісінде орналастырылған интернет-ресурс;

6) кезекте тұрғандарды есепке алудың бірыңғай ұлттық жүйесі (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) – тұрғын үй қатынастары саласындағы процестерді орындау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсететін персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдық-реттелген жиынтығы;

7) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізуін бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе;

8) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиыны.

2-тарау. Тұрғын үй сертификаттарын беру және мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті өкілді органдары (мәслихаттар) Заның 14-1-бабының 2-тармағына сәйкес тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындаиды.

5. Тұрғын үй сертификаты әлеуметтік көмек ретінде:

1) етініш берушіде және (немесе) онымен үнемі бірге тұратын отбасы мүшелерінде табысы болмаған жағдайда беріледі;

2) етініш берушіде және (немесе) онымен үнемі бірге тұратын отбасы мүшелерінде (жұбайы (зайыбы), кәмелетке толмаған балалары) отбасының әрбір мүшесіне (зайыбына (жұбайына), кәмелетке толмаған балалардан, оның ішінде негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша оқытын балалардан аспайтын еңбек және (немесе) кәсіпкерлік қызметтен (зейнетакы аударымдарын, жеке табыс салығын және өзге де міндетті аударымдарды есепке алмағанда), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары, олар кәмелетке толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) ағымдағы қаржы жылына занамада белгіленген айына ең төменгі күнкөріс деңгейінің 3,1 көрсеткішінен

аспайтын соңғы 6 (алты) ай ішінде еңбек және (немесе) кәсіпкерлік қызметтен (зейнетақы аударымдарын, жеке табыс салығын және өзге де міндettі аударымдарды қоспағанда) орташа табысы болған жағдайда беріледі.

Ең төменгі күнкөріс деңгейінің 3,1 еселенген мөлшерінің коэффициенті мүгедектігі бар балаларға және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға қолданылмайды.

Орташа табыс бойынша соңғы 6 (алты) ай ішінде белгіленген шектен асып кеткен жағдайда отбасының әрбір мүшесіне (зайыбына (жұбайына), кәмелетке толмаған балаларына) бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау ретінде тұрғын үй сертификаты беріледі.

6. Көрсетілетін қызметті беруші тиісті қаржы жылына әлеуметтік көмек және (немесе) бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау ретінде тұрғын үй сертификаттарының жоспарланған сомасын көздейді.

Әлеуметтік көмек қайтарымсыз және қайтарылмайтын негізде беріледі.

Әлеуметтік қолдау ақылдылық, қайтарымдылық, мерзімділік шарттарымен бюджеттік заңнама талаптарына сәйкес бюджеттік кредит түрінде беріледі.

7. Тұрғын үй сертификаттарын беру тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

8. Көрсетілетін қызметті беруші веб-порталында:

1) тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесі туралы жергілікті өкілді органның (мәслихаттың) шешімін;

2) тұрғын үй сертификаттарын беру туралы хабарландыруды жариялауды қамтамасыз етеді.

9. Тұрғын үй сертификаттарын беру үшін жергілікті бюджетте қаражат жеткіліксіз болған жағдайда, веб- порталда тұрғын үй сертификаттарын беру тоқтатылғаны туралы хабарландыру жарияланады.

10. Тұрғын үй сертификаттары ипотекалық бағдарламада, тұрғын үй құрылышы бағдарламасында немесе "Наурыз" тұрғын үй бағдарламасында көзделген тәртіпте тұрғын үй алу кезінде Тізбеге сәйкес келетін өтініш берушілерге беріледі.

Бұл ретте, өтініш беруші екінші деңгейдегі банкке (бұдан әрі – ЕДБ) тұрғын үй сертификатын алу ниеті туралы ақпараттық жүйеден жазбаша хабарлама жолдайды.

11. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, "Тұрғын үй сертификаттарын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптар тізбесі) осы Қағиданың 1-қосымшасында көрсетілген.

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш беруші "электрондық үкіметтің" веб- порталы арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшага сәйкес нысан бойынша ЭЦК-мен куәландағырылған, мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген құжаттарды қоса бере отырып өтініш береді.

Өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің (зайыбының (жұбайының), кәмелетке толмаған балаларының) жеке басын қуәландыратын құжаттардың, олардың табыстарының, жылжымайтын муліктерінің, неке қио немесе бұзу туралы (2008 жылғы 1 маусымнан кейін), қайтыс болуы туралы (2007 жылғы 13 тамыздан кейін), балалардың тууы туралы (2007 жылғы 13 тамыздан кейін), құжаттар, өтініш берушінің халықтың әлеуметтік осал топтарына жататынын растайтын құжаттар көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" шлюзі (сыртқы шлюзі) арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден отбасының барлық мүшелеріне беріледі.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, өтініш беруші мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері берген жағдайда, оларды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуі қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі және мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 13) тармақшасына сәйкес олар бекітілген немесе өзгерген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға және Бірыңғай байланыс орталығына жіберіледі.

13. Веб-портал арқылы көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері:

1) өтініш берушіден Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген өтініш берушінің құжаттары келіп түскен және ақпараттық жүйеде тіркелген күні олардың толықтығын, дұрыстығын және өтініш беруші мәртебесінің Санаттар тізбесіне сәйкестігін тексереді;

2) 2 (екі) жұмыс күні ішінде қаржы қаражатының қажеттілігін есептеуді жүргізеді және өтініш берушінің веб- порталдағы "Жеке кабинетіне" осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес нысан бойынша түрғын үй сертификатын беруді мақұлдау туралы шешімі бар, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша түрін, сомасын немесе дәлелді бас тартуды көрсете отырып хабарлама жібереді.

14. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тындауды өткізу уақыты, күні мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тындау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тындау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тындау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында не қағаз жеткізгіште оң нәтиже не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту жіберіледі.

15. Көрсетілетін қызметті беруші оң хабарламамен бірге өтініш берушінің веб-порталдағы "жеке кабинетіне" тұрғын үй сертификатын беру туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) электрондық құжат түрінде жібереді, оған тараптар ЭЦҚ-мен 3 (үш) жұмыс күні ішінде қол қояды.

Өтінім беруші белгіленген мерзімде Келісімге қол қоймаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші Келісім жасасудан бас тартады.

16. Бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау ұсынылған жағдайда, келісім өтініш беруші, көрсетілетін қызметті беруші және сенім білдірілген өкіл (агент) арасында 3 (үш) жұмыс күні ішінде жасалады.

Осы мерзім ішінде сенім білдірілген өкіл (агент) өтініш берушімен веб- порталда ЭЦҚ-мен жылдық 0,01% мөлшерінде сыйақы мөлшерлемесі бойынша 15 (он бес) жылға дейінгі мерзімге бюджеттік кредит беру туралы кредиттік шарт жасасады.

Бюджеттік кредиттер беру, өтеу және қызмет көрсету бойынша қосымша шарттар кредиттік шартта белгіленеді.

17. Бюджеттік кредит беру Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Сенім білдірілген өкілдің (агенттің) қызметтерін пайдаланған жағдайда қаржыландыру көрсетілетін қызметті берушінің веб- порталда "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін төлеуге берілетін шотты қалыптастыру жолымен жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ипотекалық бағдарлама, тұрғын үй құрылышының бағдарламасы, "Наурыз" тұрғын үй бағдарламасы шенберінде сатып алынатын тұрғын үйді кепілдікке қоюды қоспағанда, бюджеттік кредит бойынша міндеттемелерді орындауды кепілді, жазбаша кепілі, кепілгерлігі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе шартта көзделген басқа да тәсілдер арқылы қамтамасыз етіледі.

18. Көрсетілетін қызметті беруші веб-порталда ЭЦК-мен сенім білдірілген өкілмен (агентпен) тапсырма шартын жасасады.

Тапсырма шартында тұрғын үй сертификатын алушымен сенім білдірілген өкілдің (агенттің) кредиттік шарт жасасуы, оның қаржылық жағдайын мониторингілеу, тұрғын үй сертификатының сомасын аударуды, көрсетілетін қызметті берушінің шотына бюджеттік кредитті өтеуді есепке алуды ақпараттық жүйесінде жүргізу көзделеді.

19. Әлеуметтік көмек ұсынылған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші келісім жасалған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушінің эскроу-шотына/жинақ шотына тұрғын үй сертификатының сомасын аудару үшін веб- порталда "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін төлем шотын қалыптастырады.

20. Бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау ұсынылған жағдайда сенім білдірілген өкіл (агент) тұрғын үй сертификатының сомасын өтініш берушінің эскроу-шот/жинақ шотына кредиттік шарт жасалған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей аударады.

21. ЕДБ өтініш берушінің эскроу-шот/жинақ шотына тұрғын үй сертификатының сомасы түскен жағдайда, ішкі тәртіпке сәйкес онымен банктік қарыз шартын, ипотекалық шартты (кепіл шартын) жасасады.

22. Өтініш беруші тұрғын үй сертификатын пайдалана отырып, ипотекалық тұрғын үй қарызын ресімдегеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші (сенім білдірілген өкілге (агентке)) веб- портал арқылы банктік қарыз шартының және ипотекалық шарттың (кепіл шартының) көшірмелерін береді.

23. Өтініш беруші эскроу-шот/жинақ шотына тұрғын үй сертификатының сомасы аударылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ипотекалық тұрғын үй қарызын ресімдемеген жағдайда, қарыз беру туралы шешім қабылдаған ЕДБ жергілікті бюджетке оның қайтарылуын жүзеге асырады.

24. Ипотекалық бағдарлама, тұрғын үй құрылышы бағдарламасы "Наурыз" тұрғын үй бағдарламасы шенберінде тұрғын үй сатып алу кезінде ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін берілген тұрғын үй сертификаты, Астана және Алматы қалаларының қала маңы аймақтарында тұрғын үй сатып алу жағдайларын қоспағанда, жергілікті атқарушы органның тиісті аумақтық бірлігі шегінде қолданылады.

Ипотекалық бағдарлама, тұрғын үй құрылышы бағдарламасы немесе "Наурыз" тұрғын үй бағдарламасы шенберінде тұрғын үй сатып алу кезінде өтініш берушінің ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін тұрғын үй сертификатын бір реттен артық алуына жол берілмейді.

25. Тұрғын үй қатынастары саласындағы басшылық және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті орган осы Қағидалар бекітілген немесе өзгерілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы

ақпаратты "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

26. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды тұлға, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді

Шағым көрсетілетін қызметті берушігे және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды тұлға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымданатын лауазымды тұлға шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей шағымды және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағымданатын лауазымды тұлға, егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешімді немесе әкімшілік әрекетті қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

27. Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі. Егер заңда жоғары тұрған органға шағым жасау қажеттілігінсіз сотқа жүгіну мүмкіндігі көзделген жағдайда, Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабы 5-тармағына сәйкес әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айттылатын әкімшілік орган, лауазымды адам сотқа пікірмен қатар жоғары тұрған әкімшілік орган басшысының, лауазымды адамының уәжді ұстанымын ұсынады.

Тұрғын үй сертификаттарын
беру қағидаларына
1-қосымша

"Тұрғын үй сертификаттарын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге койылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары
---	---------------------------------------	--

2	Мемлекеттік қызмет көрсетеу тәсілдері	www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы
3	Мемлекеттік қызмет көрсетеу мерзімі	3 (үш) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызмет көрсетеу нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесі	Түрін, сомасын көрсете отырып, тұрғын үй сертификатын беруді макұлдау туралы шешім немесе мемлекеттік қызмет көрсетеуден бас тарту туралы дәлелді жауап
6	Мемлекеттік қызмет көрсетеу кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен баста, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес</p> <p>сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>2) веб-портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде, өтініштерді қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
		<p>1) ЭЦК-мен куәландырылған осы Қагидаларға 2-қосымшага сәйкес нысан бойынша электрондық өтініш;</p> <p>2) осы Қагидалардың 5-тармагында айқындалған халықтың әлеуметтік осал топтарының санаттарын</p>

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

коспағанда жұмыс орнынан анықтамаың электрондық көшірмесі;

3) ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша бастапқы жарнаның мөлшері сомасы туралы мәліметтерді қамтитын өтініш берушіге тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын беруді мақұлдау туралы ЕДБ-нің хатының электрондық көшірмесі. Өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің (зайыбының (жұбайының), кәмелетке толмаған балаларының) жеке басын куәландыратын құжаттардың, олардың табыстарының, жылжымайтын мүліктерінің, неке қио немесе бұзу туралы (2008 жылғы 1 маусымнан кейін), қайтыс болуы туралы (2007 жылғы 13 тамыздан кейін), балалардың тууы туралы (2007 жылғы 13 тамыздан кейін), құжаттар, өтініш берушінің халықтың әлеуметтік осал топтарына жататынын растайтын құжаттар көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкіметтің" шлюзі (сыртқы шлюзі) арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден отбасының барлық мүшелеріне беріледі.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талантарға сыйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті аруды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;

	<p>4) көрсетілетін қызметті алушыга қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің болуы, соның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айрылады.</p> <p>5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімнің болмауы.</p>
10	<p>Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p> <p>1. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.</p> <p>2. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>3. Портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу үшін көрсетілетін қызметтерді электрондық нысанда алу субъектілері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бір реттік парольдерді пайдалана алады.</p>

Тұрғын үй сертификаттарын

беру қағидаларына

2-қосымша

Нысан

(респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың әкімі

тегі, аты-жөні

тегі, аты, әкесінің аты
бар болса) (бұдан әрі – Т.А.Ә.)

жұмыс орны, етініш
берушінің лауазымы

тұратын мекенжайы

Отініш

Сізден бастапқы тұрғын үйді меншігіме сатып алу құқығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тұрғын үй құрылышы мемлекеттік бағдарламасы, Мемлекет Басшысының тапсырмасы бойынша іске қосылған бағдарламалар шенберінде ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін:

(сомасы цифмен және жазбаша)

тенге мөлшерінде тұрғын үй сертификатын беруінізді сұраймын.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаны үшін жауапкершілік туралы хабардар боламын және дербес деректер мен өзге де ақпаратты жинауға, өндегуге, сактауға, түсіруге және пайдалануға келісім беремін.

20__ жылғы "___"

Тұрғын үй сертификаттарын
беру қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Отініш берушінің тегі, аты,
әкесінің аты
(бар болған жағдайда)
Тұратын мекенжайы:

тел.: _____

(органның атауы)

_____ ,
келіп түсken өтініш pen ұсынылған құжаттарды қарап, Қазақстан Республикасы
Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы
№ 417 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу
тізілімінде № 18883 болып тіркелген) Тұрғын үй сертификаттарын беру
қағидаларына

сәйкес және

(жергілікті өкілді орган бекіткен құжаттың атауын, нөмірін және күнін көрсету) _____

сәйкес

(сомасы цифрмен және жазбаша)

(_____))
тенге сомасына әлеуметтік көмек / бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау
ретінде (керегінің асты сзылсын) тұрғын үй сертификатын берідің макұлданғанын
хабарлайды.

Әлеуметтік қолдау қаражатын ақшалай нысанда төлеуді

(сенім білдірілген агенттің атауы)

жузеге
асыратын .

болады.

Ипотекалық бағдарлама немесе тұрғын үй құрылышы бағдарламасы шенберінде
тұрғын үй сатып алу кезінде ипотекалық тұрғын қарызы бойынша бастапқы жарнаның
бір бөлігін жабу үшін берілген тұрғын үй сертификаты, Астана, Алматы және
Шымкент қалаларының қала маңы аймақтарында тұрғын үй сатып алу жағдайларын
қоспағанда, жергілікті атқарушы органның тиісті аумақтық бірлігі шегінде
қолданылады.

Ипотекалық бағдарлама немесе тұрғын үй құрылышы бағдарламасы шенберінде
тұрғын үй сатып алу кезінде өтініш берушінің ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша

бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін тұрғын үй сертификатын бір реттен артық алуына жол берілмейді.

Лауазымы Аты-жөні (бар болған жағдайда)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК